

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 1999 жылғы 1 маусым N 673 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.18. N 1219 қаулысымен.

Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын әзірлеу және іске асыру жөніндегі жұмысты үйлестіруді одан әрі жетілдіру мақсатында және мемлекеттік басқару органдарының жұмысына қатысатын атауларды және функцияларды нақтылау қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. "Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын әзірлеудің және іске асырудың ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1389 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 50, 476-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

- 1) Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын әзірлеудің және іске асырудың ережесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
- 2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын әзірлеудің және іске асырудың мониторингі үшін жауапты орган болып белгіленсін."

3) аталған қаулымен құрылған Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын қалыптастыру жөніндегі комиссияның құрамындағы:

"Жандосов Ораз - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Әлиұлы бірінші орынбасары, төраға;

Бүркітбаев Серік - Қазақстан Республикасының Көлік Мінуарұлы және коммуникация министрі;

Солодченко Роман - Қазақстан Республикасы Энергетика, Владимирович индустрия және сауда министрлігі Экономикалық жоспарлау жөніндегі комитетінің төрағасы" деген жолдар

мынадай редакцияда жазылсын:

"Жандосов - Қазақстан Республикасы Премьер- Министрінің Ораз Әлиұлы орынбасары - Қаржы министрі, төраға;

Бүркітбаев - Қазақстан Республикасының Көлік,
Серік Мінуарұлы коммуникациялар және туризм министрі;

Солодченко - Қазақстан Республикасының
Роман Экономикалық жоспарлау жөніндегі
Владимирович агенттігінің төрағасы";

Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын қалыптастыру жөніндегі комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің төрағасы - Өтембаев Ержан Әбілқайырұлы (келісім бойынша) енгізілсін;

Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы аталған құрамнан шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
1 маусымдағы
N 673 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
31 желтоқсандағы
N 1339 қаулысымен

бекітілген

Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын әзірлеу және іске асыру ережесі

Осы Ереже мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының мақсатын, міндеттерін, құрылымын, оны әзірлеу мен іске асырудың тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы (бұдан әрі - МИБ) - Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, мемлекеттік және/немесе мемлекет тартатын, оның ішінде мемлекет кепілдіктерімен тартылатын қаражатты экономиканың басым секторлары бойынша инвестициялау бағдарламасы.

2. МИБ мақсаты - басым инвестициялық жобаларды және институционалдық даму жобаларын (техникалық көмек) іріктеу және іске асыру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру.

3. Инвестициялық жобалар дегеніміз негізгі қаражаттарды құрумен (сатып алумен) байланысты жобалар.

4. Институционалдық даму жобалары (техникалық көмек) дегеніміз мынадай ж о б а л а р :

1) инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу ;

2) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау;

3) мемлекеттік мекемелерді институционалдық нығайту;

4) нарықтық институттарды қолдау.

5. МИБ шешетін міндеттер:

1) мемлекеттің орта мерзімді инвестициялық басымдықтарын іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары, халықаралық қаржы ұйымдары және донор елдер үшін мемлекеттік инвестициялардың айқындығын қамтамасыз ету ;

3) инвестициялық жобаларды және институционалдық даму жобаларын (техникалық көмекті) іске асыруды әзірлеу, бағалау, іріктеу және олардың орындалуын бақылау жөнінде жүйелі жұмысты ұйымдастыру.

6. МИБ жобаларын қаржыландырудың көздері республикалық бюджеттің қаражаты, үкімет кепілдіктерімен алынған сыртқы заемдар және мемлекет тартатын сыртқы гранттар болып табылады.

7. МИБ үш жылдық бағдарлама болып табылады. МИБ бірінші жылының мемлекеттік инвестициялар көлемі осы жылға бекітілген республикалық бюджеттің тиісті көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

Бұдан кейінгі жылдарға арналған мемлекеттік инвестициялардың көлемі болжамды болып табылады және тиісті жылға арналған республикалық бюджет бекітілген кезде нақтыланады.

2. МИБ құрылымы

8. МИБ талдау бөлігінен және жобалардың тізбесінен тұрады.

9. Талдау бөлігі жалпы экономикалық ахуалды талдауды, мемлекеттік инвестициялық саясаттың басымдықтарын, бұрынғы өткен жылдар үшін МИБ-сының орындалуын талдауды, мемлекеттік инвестициялау үшін қаржылық мүмкіндіктерді талдауды, МИБ іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдардың іс-қимыл жүйесін, сондай-ақ оның құрамына кіретін жобалардың жиынтығының аталған басымдықтарға сәйкестігін негіздеуді қамтиды.

10. МИБ жобаларының тізбелері басым инвестициялық жобаларды және:

1) қайтарымды негізде (үкімет кепілдіктерімен алынған сыртқы заемдар және республикалық бюджет несиелері);

2) қайтарымсыз негізде (мемлекет тартатын сыртқы гранттар мен республикалық бюджеттің қаражаты) қаржыландырылатын институционалдық даму жобаларын (техникалық көмекті) қамтиды.

3. МИБ әзірлеудің және бекітудің тәртібі

11. МИБ Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының құрамдас бөліктерінің бірі ретінде әзірленеді.

12. МИБ-сына енгізу үшін ұсынылатын жобаларды дайындаумен, іріктеумен, сараптаумен байланысты іс-шараларды жүргізуді орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдары жүзеге асырады. Әдістемелік басшылықты, жобаларды іріктеу жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді, МИБ-сына енгізу үшін ұсынылатын жобаларға экономикалық бағалау жүргізуді МИБ-сын әзірлеу және іске асыру мониторингі үшін жауапты уәкілетті орган (бұдан әрі - Уәкілетті орган) жүзеге асырады.

13. МИБ-сына енгізу үшін жобалардың деректер базасына енгізу туралы ұсыныстарды Уәкілетті органның қарауына қабылдау үшін қажетті шарттар ұсынылатын жобалардың "Қазақстан 2030" Стратегиясына, Қазақстан Республикасының тиісті кезеңге арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарында келтірілген ағымдағы инвестициялық басымдықтарға және дамудың салалық бағдарламаларына сәйкес келуі болып табылады, с о н д а й - а қ :

1) инвестициялық жобалар үшін:

жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің және жоба жөнінде Уәкілетті органның талаптарына сәйкес құжаттаманың;

тиісті орталық атқарушы органның салалық қорытындысының;

Қазақстан Республикасы Табиғат ресурстары және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің экологиялық сараптау қорытындысының (заңдарда көзделген жағдайда) ;

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері жөніндегі комитетінің "Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау (Мемсараптама)" республикалық мемлекеттік кәсіпорны қорытындысының (заңдарда көзделген жағдайда);

2) институционалдық даму жобалары (техникалық көмек) үшін:

жобаның экономикалық негіздемесімен бірге өтінімнің және жобаны іске асыру жөніндегі көмектің нысаны мен көлемі, іске асыру мерзімдері, құрылымдық бөлімшенің бар-жоғы туралы ақпарат, жобаны іске асыру үшін жауапты адам және жобаны аяқтау жөніндегі болжамдық нәтижелер көрсетілген жоба бойынша Уәкілетті органның талаптарына сәйкес құжаттаманың болуы керек.

14. Уәкілетті орган жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін сарапшылар мен консультанттар тартуға және МИБ жасау жұмысында туындайтын жекелеген мәселелерді шешу үшін ведомствоаралық жұмыс топтарын құру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқылы.

15. МИБ жобаларының тізбелерін жасауда және өзгертуде келісілген көзқарастарды қамтамасыз ету үшін МИБ жасау жөнінде Комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.

16. Комиссияның дербес құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

17. Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Уәкілеттік орган ұсынатын МИБ жобалары тізбелерінің мемлекеттік инвестициялар басымдықтарына сәйкестігіне кешенді бағалау жүргізеді;

2) жобаларды МИБ-сына енгізудің және әрбір жоба бойынша қаржыландырудың ұсынылған нысандарының мақсаттылығын айқындайды;

3) МИБ шеңберінде қаржы қаражаттарын бөлу және қайта бөлу мәселелері бойынша қорытындылар әзірлейді.

18. МИБ жыл сайын республикалық бюджет бекітілгеннен кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен жаңартылады және бекітіледі.

4. Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының іске асырылуын бақылау

19. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасына көмек көрсету бағдарламаларын нақты жобалармен толықтыру жөнінде донорлармен және несие берушілермен келіссөздер жүргізеді, МИБ жобаларын іске асырудың нәтижесінде мониторинг пен талдау жасауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат беріп тұрады.

20. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі несие берушілермен заем беру шарттарына қатысты келіссөздер жүргізеді, заемдар бойынша шарттар дайындауды, республикалық бюджетте көзделген мөлшерлерде МИБ жобаларын қаржыландыруды, бөлінген және тартылған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.